«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
_________________Р. Емелбаев
«____»_________202__ж.

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**
**«Мейіргер ісі негіздері» пәні бойынша**
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**
**тест спецификациясы**
**(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

1. **Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. **Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудіңкелесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**B084-Мейіргер ісі**

3. Тест мазмұны:

| № | Тақырып | № | Тақырыпша | Оқыту мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 01 | Денсаулық сақтау жүйесінің құрылымы. Медициналық ұйымдардың жүйесі. | 01 | Медициналық ұйымдардың түрлері. | Медициналық ұйымдардың негізгі түрлерін сипаттау |
| 02 | Инфекциялық қауіпсіздік. | 02 | Инфекциялық бақылау. Инфекциялық қауіпсіздік. | Ауруханаішілік инфекцияның пайда болу себептерін түсіндіру. Ауруханалардың әртүрлі түрлеріндегі АІИ эпидемиологиясы мен профилактикасының ерекшеліктерін сипаттау. АІИ негізгі мәселелерін анықтау. |
| 03 | Пациенттің жеке гигиенасы. | 03 | Өзіне күтім жасай алмайтын пациентке күтім көрсету. | Өзін-өзі күту тапшылығы бар науқасқа күтім жасау принциптерін сипаттау. Жеке бас гигиенасын орындауда мейірбикелік манипуляциялардың орындалуын көрсету. |
| 04 | Пациенттің тамақтануы. | 04 | Тамақтану және ауыр жағдайдағы пациентті тамақтандыру. | Медициналық ұйымдағы емдік тамақтануды ұйымдастыруды сипаттау. Ауыр науқастарды тамақтандыруды ұйымдастыруды түсіндіру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 05 | Пациенттің функционалдық жағдайын бағалау. | 05 | Термометрия. Пульсті анықтау. Артериялық қан қысымын өлшеу. Тыныс алуын бақылау. | Науқастың функционалдық жағдайын бағалау. Науқастың функционалдық жағдайын бағалау критерийлерін түсіндіру; |
| 06 | Медбике жұмысын ұйымдастыру және кәсіби дайындау. | 06 | Медбике жұмысын ұйымдастыру және кәсіби дайындау. Қызметті ұйымдастыру. Қызмет құжаттамасы. Кезекшілікті ауыстыру және пациенттерді емдеуге дайындау. | Медбике жұмысын ұйымдастыру және кәсіби дайындау. Қызметті ұйымдастыру. Қызмет құжаттамасы. Кезекшілікті ауыстыру және пациенттерді емдеуге дайындауға оқыту. |
| 07 | Дәрілік терапияның әдістері мен тәсілдері. | 07 | Дәрілік заттардың негізгі топтары: жазу, сақтау, тарату, қабылдау түрлері. | Дәрілік терапияның әдістері мен тәсілдерін сипаттау. дәрілік заттарды беру, сақтау, тарату және есепке алу. |
| | | 08 | Дәрілік заттарды энтеральды және сырттай қабылдау әдістері. Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдары. Емшара кабинетінің жұмысын ұйымдастыру. | Дәрілік заттарды қолданудың энтеральды және сыртқы тәсілдерінің формалары мен ерекшеліктерін сипаттау. Дәрілік заттарды енгізудің парентеральды жолдары. Процедуралық кабинеттің жұмысын ұйымдастыру. |
| | | 09 | Құрал-жабдықтарды өңдеу және олармен жұмыс істеу кезеңдерінде медбикенің қауіпсіздігі. Дәрілік заттарды ампуладан және флаконнан сорып алу. | Құрал-жабдықтарды өңдеу және олармен жұмыс істеу кезеңдерінде медбикенің қауіпсіздігі. Дәрілік заттарды ампуладан және флаконнан сорып алу әдістемесін үйрету. |
| | | 10 | Тері астына және тері ішіне инъекцияларды орындау техникасы. Бұлшық ет ішіне | Тері астына және тері ішіне инъекцияларды орындау техникасы. Бұлшық ет ішіне инъекцияларды орындау техникасын үйрету. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | инъекцияларды орындау техникасы. | |
| | | 11 | Көк тамырға инъекцияларды орындау техникасы. Көк тамырдан қан алу техникасы. | Көк тамырға инъекцияларды орындау техникасы. Көк тамырдан қан алу техникасын үйрету. |
| | | 12 | Көк тамыр ішіне тамшылату жүйесін монтаждау техникасы. Көк тамыр ішіне тамшылатып құю техникасы. | Көк тамыр ішіне тамшылату жүйесін монтаждау техникасы. Көк тамыр ішіне тамшылатып құю техникасын үйрету. |
| | | 13 | Кейбір дәрілік препараттардың енгізу ерекшеліктері. | Кейбір дәрілік препараттардың енгізу ерекшеліктері. |
| 08 | Жасанды тамақтандыру. | 14 | Жасанды тамақтандыру әдістері. | Медициналық ұйымдағы емдік тамақтануды ұйымдастыруды сипаттау.<br>Жасанды тамақтану әдістерін анықтау. |
| 09 | Организмнің түрлі қызметінің бұзылыстарындағы медбикелік үрдіс. | 15 | Медбикелік істің заманауи моделі. Медбикелік үрдістің кезеңдері. «Медбикелік үрдістің» әр кезеңінде медбикенің міндеттері. Медбикелік құжаттарды жүргізу. | Медбикелік істің заманауи моделі. Медбикелік үрдістің кезеңдері. «Медбикелік үрдістің» әр кезеңінде медбикенің міндеттері. Медбикелік құжаттарды жүргізу. |
| | | 16 | Тыныс алу қызметі бұзылыстарында медбикелік үрдіс. Оксигенотерапия. | Тыныс алу органдарының анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін сипаттау . Тыныс алу мүшелерінің зақымдануының негізгі синдромдарын сипаттау. |
| | | 17 | Жүрек- қантамыр жүйесі қызметі бұзылыстарында медбикелік үрдіс. | Дененің жүрек-тамыр жүйесінің зақымдануының негізгі синдромдарын сипаттау. |
| | | 18 | Асқорыту жүйесі | Ас қорыту органдарының |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | қызметі бұзылыстарында Асқазанды жуу. | анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін сипаттау. Ас қорыту жүйесінің зақымдануының негізгі синдромдарын сипаттау. |
| | | 19 | Ішек қызметі бұзылыстарында медбикелік үрдіс. Стомаларды күту. | Асқазан-ішек жолдарының қызметі бұзылған жағдайда мейірбикелік диагнозды сипаттау. Ішек ауруларын анықтау. |
| | | 20 | Клизмалар: тазалау, сифонды. Клизмалар: майлы, гипертониялық, дәрілік. | Ішек функциясының бұзылуына байланысты мейірбикелік үрдісті сипаттау; Ішек функциясының бұзылуының негізгі мәселелерін анықтау. |
| | | 21 | Зәр шығару жүйесінің қызметі бұзылғандағы мейіргерлік үрдіс. Қуыққа катетер енгізу іс-әрекет алгоритмі. | Зәр шығару жүйесі мүшелерінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін сипаттау; Зәр шығару жүйесінің мүшелерінің зақымдануының негізгі синдромдарын сипаттау; |
| 10 | Реабилитация негіздері. | 22 | Тірек-қозғалыс аппаратының жарақаттарын қалпына келтіру. Жүрек-қантамыр ауруларын қалпына келтіру. Неврологиядағы реабилитация. | Тірек-қимыл аппаратының жарақаттарын қалпына келтіру кезеңдерін сипаттау. Жүрек-қан тамырлары ауруларын қалпына келтіру. Неврологиядағы оңалту. |
| 11 | Зертханалық зерттеу әдістері. | 23 | Науқасты лабороториялық зерттеуге дайындау | Зертханалық зерттеулердің диагностикалық мүмкіндіктерін, пациентті дайындау, оларды орындау үшін биоматериалдарды жинау және сақтау ережелерін, зерттеулер жүргізу әдістемесін сипаттау; |
| 12 | Аспаптық зерттеу әдістері. | 24 | Рентгендік зерттеу әдістері. | Рентгенологиялық зерттеу әдістеріне науқасты дайындауды жүргізу; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 25 | Эндоскопиялық зерттеу әдістері. | Эндокриндік жүйенің ауруларындағы негізгі көріністерді сипаттау; Эндокриндік жүйенің патологиясы бар науқастарды бақылау және басқару ерекшеліктерін сипаттау; |
| | | 26 | Ультрадыбыстық, радиоизотоптық зерттеу әдістері, МРТ, КТ. | Пациентті ультрадыбыстық, радиоизотоптық зерттеу әдістеріне, МРТ, КТ-ға дайындауды жүргізу. |
| 13 | Қазіргі геронтологиялық аспектілер. Егде жастағы адамдарға арналған фармакотерапия және фитотерапия. | 27 | Гериатриялық науқастарды бақылау және күту. | Гериатриялық науқастардың әл-ауқатының динамикасын бақылауды жүзеге асыру. |
| 14 | Паллиативтік көмекті ұйымдастыру. | 28 | Онкологиялық науқастарға паллиативтік көмек. Хоспис пен паллиативтік көмектің тарихы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері. | Стационар жағдайында паллиативті пациенттерді бақылау мен күтуді үйрету. Үйде паллиативті пациенттерге күтім жасауды жүзеге асыру. . |
| 15 | Апаттар медицинасының негіздері. | 29 | Төтенше апаттық жағдайдағы диагностика және алғашқы көмек. Қан кету кезіндегі диагностика және алғашқы көмек. | Апаттар медицинасының негіздерін және себептерін түсіндіру. Бейбіт және соғыс уақытындағы ТЖ ұғымы мен жіктелуін сипаттау; |
| 16 | Терминалдық күйлер. | 30 | Негізгі жүрек-өкпе реанимациясы. Мәйітті емдеу ережелері. | Науқастың (зардап шеккен адамның) ағзасының тіршілік әрекетін қолдау принциптерін сипаттау Мәйітпен жұмыс істеу ережелері. |

**4. Тест мазмұнының сипаттамасы:**

Тест «Мейірбике ісі негіздері» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген такырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:**Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 50%, екінші деңгейде (В) – 30%, үшінші деңгейде (С) – 20%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**


1. Мейірбике ісінің негіздері, 2013, Мұратбекова С.Қ.
2. Терапиялық клиникадағы науқастың жалпы күтімі, 2019, Ослопов В.Н.
3. Науқас адамдарды жалпы күту, 2013, Санов С.
4. Мейірбике ісі негіздері, 2012, Нурманова М.Ш., Матакова Ж.Т., Бейскулова Э.Т.
5. Мейірбике ісі негіздері, 2010, Бекетаева К.Т. және т.б.
6. Мейіргерлік істегі қауіпсіздік және сапа, 2021, Сариева К.Х.


**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Денсаулық сақтау» бейіні бойынша**
**Оқу-әдістемелік бірлестігінің төрайымы**
________________ **Рузденова Н.Б.**
(қолы)
**«____» _______________ 2022 ж.**

Республиканский высший медицинский колледж
БСН/БИН 160 540 018 804